Мамытбекова Гулнур Курбаналиевнаның D138- Ветеринария мамандығы бойынша философия докторы (PhD)дәрежесін алу үшін ұсынылған «Сиырлардың көбею функциясын клиникалық-лабораториялық зерттеу және оны коррекциялау» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: **1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жоба бағдарламалары аясында орындалған** (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету) 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландырылған ғылыми жобалар аясында орындалған. «BR06249242-ОТ-18 «Научное обеспечение ветеринарного благополучия и пищевой безопасности» 2018-2020 ж. AP19678293 «Разработка теста для визуальной диагностики заболеваний матки у коров» 2023-2025 ж.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Докторант ғылыми жұмысымен ветеринария ғылымының дамуына айтарлықтай үлесін қосқан. Сиырлардың көбею функциясын зерттеген, жатырдың инволюциясын зертханалық диагностикалау әдісін әзірлеген және тиімділігін анықтаған. *Calligonum leucocladum* В. фитопрепаратының биологиялық белсенділігін яғни антимикробтық, антирадикалды, токсикалық, цитотоксикалық тітіркендіргіш, аллергиялық зерттеулер жүргізіп осы фитопрепарат көмегімен төлдеуден кейін сиырлардағы көбею функциясының дисфункциясын коррекциялаған.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары**; 2) орташа; 3) төмен;	Ізденушінің диссертацияны жазу деңгейі жоғары. Диссертация бөлімдері талаптарды ұстана отырып, сәйкес рәсімделген. Ізденуші әдеби тілде арнаулы терминология қолдана отырып, жұмыс мазмұнын жан-жақты және терең сипаттай алған.

		4) өзі жазбаған.	
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияда жұмыстың өзектілігі толық негізделген. Ауыл шаруашылығы саласының жағдайында, жануарлардың өнімділігін және көбеюін жетілдіру мақсатында жыныс жүйесінің ауруларын анықтау, алдын алу, кешенді ем шараларын құрастыру ғылыми жұмыстың өзектілігін негіздейді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Келтірілген диссертация «Сиырлардың көбею функциясын клиникалық-лабораториялық зерттеу және оны коррекциялау» тақырыбында ашылған. Диссертацияның мақсаты, міндеттері, зерттеу нысандары, әдістер мен алынған нәтижелері және қорытындысы мазмұнын айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертация жұмысының мақсаты сиырлардың жыныс мүшелерінің инволюциясын диагностикалау және оны *Calligonum leucocladum* В. фитопрепаратын қолданумен коррекциялау Осы мақсатқа жету үшін атқарылған міндеттер асылтұқымды сиырлардың көбею функциясын зерттеу, сиыр жатырының инволюциясын зертханалық диагностикалау әдісін әзірлеу, тиімділігін анықтау, *Calligonum leucocladum* В.фитопрепаратының биологиялық белсенділігін зерттеу, *Calligonum leucocladum* В. фитопрепаратының көмегімен төлдеуден кейінгі сиырлардағы дисфункциясын коррекциялау, клиникалық зертханалық зерттеулердің және суппозиторийлерін қолданудың тиімділігін анықтау диссертация тақырыбына сәйкес келеді
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) **толық байланысқан**; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылысының логикалық байланысы бар. Шаруашылық және зертханалық жағдайда жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесі ретімен баяндалып, байланысы талқыланған
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) **сыни талдау бар;**	Ғылыми жұмыста сыни тұрғыдан талдаулар жүргізілген. Жұмысты орындау барысында пайдаланған әдістер өзге ғалымдардың нәтижелерімен салыстырылған және сілтемелер жасалған.

		2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер және ұсыныстар толық жаңа болып табылады. Сиырлардың жыныс органдарының клиникалық және лабораториялық әдістер зерттелген нәтижелер талқыланған. Ауру малмен сау малдың жатыр шырышы, қан және зәр үлгілері зерттелген. Зерттелініп жатқан өсімдіктің биологиялық белсенділіктері антарадикалды, токсикалық, цитотоксикалық, аллергияға қарсы сынамалар жасалған. (Пайдалы моделге патент алынған №9808 «Применение субстанции на основе этанольного экстракта растения *Calligonum aphyllum* (Pall) Guerke в качестве антимикробного средства». 2024/1150.2. Сиырлардың жатыр инволюциясын анықтауда жаңа лабораториялық әдіс жасалған. (Пайдалы модельге патент №5714, «Сиырлардағы жыныс мүшелерінің инволюциясымен патологиясын диагностикалау әдісі» жасалған 31.12.2020).
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1**) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыста зерттеулер, нәтижелер, қорытындылар толығымен жаңадан құралған. Алынған нәтижелер Web of Science, Scopus және отандық ғылыми басылымдарда жарияланған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1**) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ұсынылған техникалық, технологиялық және экономикалық шешімдер инновациялық сипатқа ие болып табылады және олар соңғы ғылыми зерттеулер мен практикалық тәжірибелердің нәтижелеріне сүйене отырып қабылданған.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research және	Ғылыми жұмыстың негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыда негізделген, сонымен қатар зерттеулердің теориялық және практикалық маңыздылығын көрсетеді.

		өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Алынған нәтижелер халықаралық деңгейде танылған Scopus дерекқорындағы журналдарда жарияланған, бұл зерттеудің инновациялық сипатын және қолданыстық құндылығын растайды.
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) **жоқ**; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) **ия**; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) **кең** 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) **ия;** 2) жоқ	7.1 Ізденушінің диссертациялық зерттеуі ережелер мен заңдылықтарды эксперименттік және теориялық тұрғыда толық дәлелдеген, олар жарияланған ғылыми еңбектерде Scopus, Web of Science индекстелген журналдарда көрсетілген. 7.2 Диссертациялық жұмыс тривиалды емес 7.3 Зерттеу жаңа әдіснамаларды, модельдерді, тәжірибелік ұсыныстарды ұсынады, олар проблеманы шешудің тиімділігін арттырады. 7.4 Алынған нәтижелер тек бір саламен шектелмейді қолдану аясы кең 7.5 Зерттеу жұмысы бойынша Scopus, Web of Science базаларындағы жарияланымдар арқылы расталады

		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) **ия;** 2) жоқ.	Зерттеуде қолданылған әдіснама мәселелердің ерекшеліктеріне сәйкес ғылыми әдебиеттердің талаптары мен заманауи стандарттары негізінде мұқият таңдалған. Әдістердің тиімділігі теориялық тұрғыда негізделген және диссертацияның әдістемелік бөлімінде толық құрылымдалған. Таңдалған тәсілдер зерттелетін мәселенің күрделілігіне сай келетіндей етіп ойластырылған, олар тәжірибелік маңыздылығын растайды.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) **ия;** 2) жоқ.	Ия. Диссертациялық жұмыс компьютерлік технологияларды қолдана отырып, жұмысты орындау кезінде жалпы қолданымда жүрген биологиялық, физико-химиялық әдістер пайдаланып, зерттеу кезінде алынған цифрлық мәліметтер нәтижелері компьютерлік биостатистикалық түрде өңделді.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) **ия;** 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыста келтірілген барлық ғылыми позициялар жоғары деңгейдегі дәлелдік базаға сүйенеді. Практикалық тексерулер мен халықаралық ғылыми қауымдастықтың танылуы арқылы расталған. Бұл зерттеу нәтижелерінің сенімділігін және олардың ғылыми-практикалық құндылығын айқын көрсетеді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыста нақты және маңызды, ғылыми-тәжірибелік мәлімдемелер келтірілген және олар сенімді ғылыми әдебиеттермен, сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті/**жеткіліксіз.	Диссертациялық жұмысты жазу барысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) **бар;** 2) жоқ.	Диссертацияның теориялық, тәжірибелік маңызы жоғары. Ізденуші алғаш рет сиырлардағы жыныс мүшелерінің инволюциясы мен патологиясын диагностикалау әдісіне жаңа лабораториялық және клиникалық сынақ жүргізілген.

			Calligonum leucocladum В. препаратының сиырлардын жыныс мүшелерінің ауруларын емдеуде және зат алмасу үрдістерінің бұзылыстарын коррекциялау тиімділігін анықтаған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) **ия;** 2) жоқ.	Диссертацияның практикалық маңыздылығы жоғары және өндіріс үшін тәжірибелік жағынан өте құнды болып табылады. Докторанттың жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстарының натижелері практикада қолдану барысында ешқандай күмән тудырмайды.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс жоғары академиялық стандарттарға сәйкес жазылған, онда ғылыми этика мен академиялық адалдық принциптері қатаң сақталған. Автордың зерттеулері басқа ғалымдардың жұмыстарымен әділ және этикалық негізде салыстырылған, барлық пайдаланылған материалдарға тиісті сілтемелер берілген. Бұл жұмыстың ғылыми құндылығын және автордың кәсіби құзыреттілігін айқын көрсетеді.
11	Диссертацияға ескертулер	Жалпы диссертациялық жұмыстың өзектілігі күмән тудырмайды. Зерттеу жұмысының міндеттері толықтай ашылып, сипатталған. Дегенмен автор орындаған жұмыстың жағымды жақтарымен қатар кемшіл тұстарын да атап өткен жөн: 1.Жұмысыңыздың зерттеу нәтижелерін жалпылау және талқылау бөлімінде шет тілдік дереккөздерге аудармалардың дәлсіздігі кездеседі 105 сілтемеде қандай құрылғы жайлы айтқансыз? 2. Диссертацияның 89 бетте 2 абзацта грамматикалық және академиялық стильдегі қателер кездеседі; 3. Келтірілген 6, 7 кесте деректері бір бағытта айтылып тұр. Неліктен екі түрде жазғансыз? Инволюция күндері деп жазған дұрыс болады. M және m белгілері қойылмаған. 7 кестеде 2 реттен нөмірленген (11, 22, 33, 44, 55). 5. Сутегі асқын тотығына калий йодын қосқансыздар. Ол не береді? 6. Сіз жұмысыңызда жүзгін прапаратының антирадикалдық қасиеті деп жазғансыз. Басқа авторлардың еңбектерінде антиоксиданттық деп келтірген.Айырмашылығы неде? Дегенмен бұл ескертулер жұмыс сапасына айтарлықтай әсер етпейді. Олар міндетті қағидат емес және диссертациялық жұмыстың жалпы бағалану деңгейін төмендетпейді.	
12	Докторант мақалаларының	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейінің мазмұны, құрылымы мен сапасы талаптарға сай жазылған. Диссертацияның тақырыбына сәйкес түрлі баспаларда жалпы саны 18 ғылыми еңбек жариялаған, соның	

	зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	ішінде Scopus базасында индекстелген рецензияланатын шетелдік ғылыми басылымға енген 5 мақала, Қазақстан Республикасының пайдалы моделіне арналған 5 патент, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің тізімінен республикалық ғылыми журналдарда 5 мақала, халықаралық конференция материалдарында 3 мақала және ұсыныстар жариялаған.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Мамытбекова Гулнур Курбаналиевнаның «Сиырлардың көбею функциясын клиникалық-лабораториялық зерттеу және оны коррекциялау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қойылған талаптарға сай келеді, D138- Ветеринария мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:
Ветеринария ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰАҒА және ҚазҰЖА академигі,
«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» «Клиникалық пәндер» кафедросының профессоры

М. Н.Джуланов

Ветеринария ғылымдарының докторы, профессор, академик М.Н.Джулановтың қолын растаймын
ҚазҰАЗУ Бас Ғылыми хатшысы, экономика ғылымдарының докторы,профессор, академик

У.К.Керимова

РАСТАЙМЫН
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу
университетінің ғылыми кеңесінің хатшысы
« 19 » 06 2025 ж.